" ZIYATKER TURAN"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

БҰЙРЫҚ
02.09.2025
№ 66/2 ж/қ
Шымкент қаласы

Товарищество с ограниченной
ответственностью
"ZIYATKER TURAN"
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент,
Каратауский р-н, ж.м.
Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

ПРИКАЗ
02.09.2025
№ 66/2 л/с
город Шымкент

Қыздар кеңесін құру туралы

Оқушы қыздардың тәрбиесін жетілдіру, олардың әдептілік, мәдениеттілік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, қыз балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру және мектептегі психологиялық, әлеуметтік қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылына 8–10 сынып оқушы қыздарынан «Қыздар кеңесі» құрылсын.
2. **«Қыздар кеңесінің»** құрамына төмендегі оқушылар енгізілсін:
   8-сынып оқушы- Батырбай Ақмарал
   9-сынып оқушысы- Арманқызы Рая
   10-сынып оқушысы- Бақытқали Алия
3. Қыздар кеңесінің жетекшілігі тәрбие жұмысына жауапты директордың орынбасары: М.А.Жадикова, мектеп медбикесі:Шамшитдинова Д., педагог-психолог: А.Жеңісәліге жүктелсін.
4. Қыздар кеңесінің негізгі міндеттері:
- қыз балалардың әдеп мәдениетін, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру;
- оқушы қыздардың құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- жеке бас гигиенасы және қыздар денсаулығына қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- ерте жүктіліктің, зиянды әдеттердің және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарға қатысу;
- қыздардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал ету;

- мектептің қоғамдық, мәдени және тәрбиелік іс-шараларына белсенді қатысу;
- оқушы қыздар арасында өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайту.

5. Сынып жетекшілері 8–10 сынып оқушы қыздарының Қыздар кеңесінің жұмысына белсенді қатысуын қамтамасыз етсін.

6. Қыздар кеңесінің отырыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізілсін және әр отырыстың қорытындысы хаттамамен рәсімделсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие жұмысына жауапты директордың орынбасары М.А.Жадиковаға жүктелсін.

Мектеп директоры: **Б.С.Длимбетова**